

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

## Тақырыбы: Коко Шанель

Орындаған: Қуандық Гүлзира

Мамандығы: ПИМНО 1-курс

Қабылдаған: Тобылов К.Т

# КОКО ШАНЕЛЬ



Коко Шанель 1883 жылы 19 тамызда Сомюр қаласында дүниеге келген. Габриель он екі жасқа толғанда, оның анасы қайтыс болады, содан кейін Шанель балалары туысқандарында тұрады.

18 жаста Габриель киім дүкеніне сатушы болып жұмысқа орналасады, бос уақытында кабареде ән айтады. Габриельді Коко деп атаудың себебі - оның сүйікті әндері «Ko Ko Ri Ko» және «Qui qua vi Coso» деп аталатын. Осылайша, Габриель өнер көрсеткенде, ол офицер Этьен Бальзанға (Etienne Balsan) ұнап қалады. Содан кейін, ол офицер Этьен Бальзанмен Парижге көшіп кетеді. 1910 жылы Парижде ол өзінің бірінші дүкенін ашады, бұл дүкенде әйлдерге арналған бас киімдер сатылатын. Қазіргі кезде бұл сән үйі Париж қаласында Комбон көшесінде орналасқан.



Коко барлық әйелдердің арманындағы қалпақтарды жасай бастады.

Париждегі Cambon Street-те өзінің алғашқы дүкенін ашты. Коко бірнеше жыл бойы бас киімдер тігумен айналысып, Парижде бірнеше дүкен ашты, содан кейін коллекцияға киім-кешектер қосқан. Алайда, Шанель өзінің сән империясына толығымен ие болмады. Бүгінгі күні брендке 100% иелік Коконьң іскер серіктесі Вертхаймер отбасына тиесілі.



1920 жылдары оған қара түсті киім жасау идеясы келді, 1926 жылы Vogue-де оның шедеврiнiң суретi жарық көрдi. Бұл сәндi журналда қара көйлек "Шанельдiң Форды" деп аталды. Коко құрған барлық нәрсе секiлдi, кiшкентай қара көйлек те сенсацияға айналды.

Киноиндустрияда кейiпкерлердiң барлығы қара көйлектер киiп, Коко Шанельдiң есiмiн танымал ете түстi.



1925 жылы ол әлемге танымал, классикалық Chanel костюмін таныстырды. Бұл қарындаш юбкамен бірге киілетін пиджак әйелдер сәнінің ең алғашқы кәсіби нұсқасы болды. Коко жүздеген жылдар бойы қатып қалған сәнді бұзып, жаңа революциялық туындыны жасады. Осыдан кейін әйел заты шалбарларды, қысқа көйлектер мен костюмдерді киуді бастады. Алайда алдымен бұл киімдер қоғамда қызу сынға ұшыраған еді.



Коко Шанель үнемі түсіп қалатын сөмкені қолға ұстау ыңғайсыз екенін түсінген кезде сөмкеге белбеу қосу идеясы пайда болды. Бұл ойға оны сарбаздардың жіңішке белбеуі бар сөмкесі шабыттандырған. Бұл сөмкелердің алғашқы үлгілері 1920 жылдардың соңында жұртшылыққа ұсынылды. Классикалық Chanel сөмкесі бүгінгі күні "2.55" деп аталады. Бұл атау 1955 жылдың ақпанында сөмкенің жаңартылған нұсқасы шығарылғаннан кейін қойылған болатын. Шанельдің сөмкесі әлі күнге дейін ең танымал және сән индустриясы осы сөмкелерді жоғары бағалайды, сондықтан Шанель сөмкелерінің құны жылдан жылға артып келеді.



Коко әлі күнге дейін әлемге танымал жаңа хош иістерді құруға шындап кіріседі. Шанельге қатты ұнаған осы хошиістің бесінші нұсқасы болатын. Chanel №5 хошиісі тегіннен осылай аталмаған. Себебі "5" санын Коко Шанель "ең сүйікті саным" деп есептеген. Оның өміріндегі көптеген жетістіктер осы 5 санымен байланысты екен. Chanel №5 хошиісінің атағы, әсіресе, Мэрилин Монроның жарнамасынан кейін арта түскен.



- ❖ Коко алғашқылардың бірі болып тамаша маркетингтік әдісті іске қосты. Ол өз киімдерін сату жолында атақты адамдардың есімдерін пайдаланды. Ол оларға өзінің тіккен киімдерін кигізіп, кейін түскен суреттерін жарнама беттеріне орналастыра бастады. Сол кезден бастап атақты әртістер ол дүниеге әкелген киімдер маркаларының символына айналды. Қазіргі кезде кез-келген модель Chanel-дің жарнамасына түсуді армандайды. Себебі бұл - сән әлемінде жетістік пен жеңістің белгісі. Кейін оны миллиондық шарттармен жалатын келісім-шарттар күтетін болады.
- ❖ Коко Шанель алғаш болып күнге күүді сәнге әкелді. Күнге күйген тері Шанель кезінен бастап сәнге айналды. Бір қызығы бұл жаңалықты ол кездейсоқ ойлап тапты. 1923 жылы Коко бір круиздық саяхат кезінде денесін тым күүдіріп жіберген екен. Ал одан сәл уақыт бұрын, оны Канн қаласына бір көрсетілімге шақырып қойған еді. Бірақ ол өзінің осындай күйген терісіне қарамастан, ол жерге баруды шешеді. Ал оны көрген адамдарға оның осындай түрі бірден ұнап, кейін осындай күнге күү жаппай сәнге айналады.
- ❖ Коко Шанель өмірінің соңына дейін отельде тұрып келді. Ол Ritz отелін өзінің үйіндей көрді. Ал Ritz отелі қазір Париждегі алдыңғы қатардағы қонақ үй саналады.
- ❖ "5" санын Коко Шанель "ең сүйікті саным" деп есептеді. Себебі оның өміріндегі көптеген жетістіктер осы 5 санымен байланысты. Chanel №5 хошиісі де тегіннен осылай аталған жоқ. Бұл Шанельге қатты ұнаған осы хошиістің бесінші нұсқасы болатын. Бір қызығы, Chanel №5 1921 жылдың 5-мамырында көпшілікке ұсынылды. Ал қазір әлемде 30 секунд сайын оның бір данасы сатылып жатады.

## Шанельдің фразалары:

- ТЫМ ҚЫМБАТ КИІМ ҚАРТАЙТЫП ЖІБЕРЕДІ.
- ЖАСТАР СӘНІ - ПЛЕОНАЗМ; ҚАРТТАРДЫҢ СӘНІ БОЛМАЙДЫ.
- СӘН АРХИТЕКТУРА СИЯҚТЫ, - МӘСЕЛЕ ПРОПОРЦИЯДА.
- КӘРІЛІК МАХАББАТТАН ҚОРҒАМАЙДЫ, БІРАҚ МАХАББАТ КӘРІЛІКТЕН ҚОРҒАЙДЫ.
- ДАҢҚ ДЕГЕНІМІЗ ЖАЛҒЫЗДЫҚ ЕКЕН.
- СӘН – БҰЛ СӘННЕН ШЫҒЫП КЕТЕТІН НӘРСЕ.
- СӘН ӨТІП КЕТСЕ ДЕ, СТИЛЬ ҚАЛАДЫ.
- ӘЙЕЛДЕР БАСҚА ӘЙЕЛДЕР ҮШІН КИІНЕДІ ДЕП АЙТАДЫ. БҰЛ ШЫНДЫҚ. БІРАҚ ӘЛЕМДЕ ЕРКЕКТЕР БОЛМАСА, ОЛАР МҮЛДЕМ КИІНБЕУШІ ЕДІ.
- ӘДЕМІЛІК - ЕР АДАМДАР БІЗДІ ЖАҚСЫ КӨРУ ҮШІН, АЛ АҚЫМАҚТЫҚ - БІЗ ОЛАРДЫ ЖАҚСЫ КӨРУ ҮШІН ҚАЖЕТ.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!**